



№27 (9914)
4 сәуір
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жарнамаш

Жаршысы

Қызылорда облысы

Жалағаш ауданы

Ел жаңалықтары



Жанар-жағармай бағасы қымбаттайды

Қазақстан билігі елдегі жанар-жағармай бағасын көтеруге мәжбүр. Бұл туралы ОҚҚ-де өткен баспасөз мәслихатында Энергетика министрінің міндетін атқарушы Болат Ақшолоақов мәлімдеді.

Мемлекет мұндай қадамға ішкі нарықты тұрақтандыру үшін барып отыр. Ал Болат Ақшолоақов Қазақстанда дизель тапшылығын бағадағы диспропорциямен байланыстырады. Сондай-ақ ол отандық отын бағасы көрші елдермен салыстырғанда айтарлықтай арзан екенін айтады.

– Қазақстан өлем бойынша жанармайы ең арзан 10 елдің қатарына кіретінін айта кету керек. Мәселен, Ресейде дизель бағасы (1 литрі) – 345 теңге. Бұл біздегі нарықтан 45 пайызға қымбат. Қырғызстандағы баға 64 пайызға жоғары, яғни 1 литрі – 390 теңге. Өзбекстандағы баға Қазақстанмен салыстырғанда 2 есе жоғары, яғни 1 литрі – 480 теңге, – деді Болат Ақшолоақов.

Оның айтуынша, бұл бұйрыққа қатысты тиісті жоба 3 сәуірде жарияланып, 12 сәуірде күшіне енеді. Энергетика министрінің міндетін атқарушы жанар-жағармай нарығын тұрақтандыру үшін Қазақстан мен көрші елдер арасындағы баға айырмасын төмендету қажет деп есептейді.

– Сондықтан біз күрделі, алайда тиісті қадамға баруымыз керек, шекті бөлшек сауда бағасын көтерген жөн, – деді Болат Ақшолоақов.

Оның сөзінше, бұдан кейін бензин өндірісі 70 пайызға, дизель 30 пайызға артады. Ал экспорттан түсетін табыс 50 пайыздан 120 пайызға дейін көтеріледі.

– Бүгінде баға айырмашылығын қысқартпасақ, жақын арада жанармай тапшылығына тап болуымыз мүмкін. Бұл қадамға бармасақ, саланы одан әрі дамыту жолдарын жауып, елдің энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіреміз, – деді ол.

Брифинг

22 нысанның шатыры ұшқан

1-2 сәуір аралығында аймақта жел күшейіп, шаңды дауыл тұрды. Ауа райының қолайсыздығынан бірқатар жерлерде электр жарығы ажыратылып, бағаналар мен көше бойындағы ағаштар құлаған. Осыған орай күні кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте сала мамандары толық ақпарат берді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Қайсар Мақсұтұлы ауа райының күрт өзгеріп, қатты желдің әсерінен қала, аудан және бірқатар ауылдарда электр жарығы ажыратылғанын айтады. Сөйкесінше, КРЭК АҚ ақау орын алған электр желілерін қалпына келтіру мақсатында барлық аудандарға 260 адамнан тұратын 64 бригада жұмылдырылған.

Дауыл күні Қазалы ауданында 40 метрлік мұржа құлаған болатын. «Қазалы-Теміржол жылу» филиалының бу қазандығының темірден жасалған ұзындығы 40 метр түгін мұржасы құлап, авариялық жағдай орын алған болатын. Адам шығыны және бу қазандығы ғимаратына зақым келген жоқ. «Қызылорда жылу электр орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры Мәдет Усаин 40 метр мұржаның жарамсыз 31 метрі қиылып алынғанын айтады. Авариялық жағдайды жою мақсатында 2 дана кран, 1 дана жылжымалы дәнекерлеу агрегаты, филиалдың 15 жұмысшы қызметкерден құралған авариялық тобы жұмыс жасаған. Бүгінде 9 метр мұржамен №2, 4 қазандықтар іске қосылып, жылу энергиясы өндірілуде.

– 1-2 сәуірде облыста қалыптасқан метеорологиялық қауіпті құбылыс салдарынан 24 нысанға зақым келген. Оның ішінде 22-сінің шатыры ұшып, біреуінің сыртқы келбетіне зақым келсе, 1 жылу беру нысанында мұржаның құлау жағдайы орын алды. Шатыры ұшқан нысандардың барлығы дерлік жартылай немесе ішінара зақымдалған. Қазіргі таңда қала және аудандарда келтірілген шығын көлемін есептеу шаралары ұйымдастырылуда, – деді облыс әкімі аппаратының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бөлімінің басшысы Ағайша Сматова.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Үкімет

Азық-түлік бағасы бақылауда

Елімізде үш аптадан бері 6 түрлі өнімнің бағасы төмендеген. Олардың қатарында қарақұмық жармасы, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат және қант бар. Осылайша мемлекеттің тұрақтандыру қорлары мен өңірлердің жасақталған қорларынан көкөністерді брондаудан шығару жөніндегі шаралары осы маусымаралық кезеңде оң нәтижесін беруде.



лығында.

Маңғыстау облысында бағаның төмендеу үрдісі жалғасуда. Сонымен қатар осы аптада Батыс Қазақстан облысында оң баға тренді тіркелді: -0,1 пайыз. Мұнда пияздың (-2,9 пайыз) және қанттың (-3,8 пайыз) бағасы айтарлықтай төмендеген. Ал Солтүстік Қазақстан облысында баға тұрақтаған.

Делдалдық схемаларды анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы өз нәтижесін көрсетуде. Айдар Әбілдабеков Сауда комитеті электронды шот-фактураларды талдау нәтижесінде «Шымкент» ӘКК-ден жеңілдікпен займ алған екі жеке кәсіпкердің делдалдық схемасын анықтағанын айтады. Яғни қосымша делдалдық жасау арқылы олар бір-біріне жоғары бағамен өнім сатқан. Нәтижесінде өнім тұтынушыға айтарлықтай қымбат бағамен

жеткізілген. Пысықтау үшін барлық материалдар аумақтық департаменттерге беріліпті.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілқайыр Тамабек өңірлердегі қалыптасқан қорлардан көкөністерді брондаудан шығару нәтижелері мен қорлардың көлемі жайлы мәлімдеді. Сәуір айының соңына дейін 29,9 мың тонна картопқа қажеттілік туса, 18 өңірде бұл көкөніс түрімен қамтамасыз ету көлемі 90 пайыздан жоғары екен. Ал қалған екі өңірде 69 пайызды құрап отыр. Сәбізге сұраныс биылғы сәуір айының соңына дейін 6,8 мың тонна болса, Қарағанды облысын (69 пайыз) қоспағанда, қормен қамтамасыз ету 100 пайыздан жоғары. Екі облыс, яғни Жамбыл мен өзіміздің Қызылорда қырыққабатпен 50 пайыздан төмен, ал қалған барлық өңір одан жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Барлық облыстағы пияз қоры 50 пайыздан

асады.

Серік Жұманғарин тауарлық интервенциялар жұмысында нәтиже барын айтады, сондай-ақ бұл жұмысты ерте шығатын көкөніс түрлері келіп түскенше жалғастыру керек деп есептейді. Ал азық-түлік тауарларын форвардтық сатып алуды қаржыландыруды 70 пайызға дейін ұлғайта отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын қайта қарап, айналым схемалары бойынша 30 пайызға дейін төмендету қажет. Осылайша Серік Жұманғарин форвардтық сатып алулардың арқасында нарықтағы бағаның тұрақтануына әсер етуге мүмкіндік беретін өнім қорының көпіндегірілген көлемін қалыптастырғысы келеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ауыл тынысы



Жарқын жобалар ауылдарды түлетеді

Билік пен халықтың арасы жақындауы керек. Бұл – Президенттің тапсырмасы ғана емес, халықтың да талабы. Сондықтан қазір барлық деңгейдегі әкімдер елді аралап, халық алдында тоқсан сайын есеп беріп келеді. Ел ішіндегі мәселенің барлығы түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Әлі де халықтың мұң-мұқтажы көп. Десе де бұрынғыдай емес, күрмеуі тарқатыла бастады. Әрине бұл – билік пен халық арасының жақындауының нәтижесі. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов және аудан әкімінің орынбасарлары мен бөлім және мекеме басшылары Аққыр, Жаңаталап, Темірбек Жүргенов, Мәдениет, Мырзабай ахун ауылдары тұрғындарымен кездесіп, аудан бойынша үш айда атқарылған жұмыстар туралы тік тұрып есеп берді және алда жүзеге асырылатын жобалармен таныстырды. Кездесу соңынан халықтың ұсыныс-пікірі тыңдалып, сұрақтарына жауап алды.

XXI ғасырда жол қатынасы жөнінде мәселе болмауы тиіс. Соған сәйкес биыл Жаңаталаппен Аққыр ауылдарының арасын жалғап жатқан 20 шақырым жол жаңадан асфальталады. Жол құрылысына 664,8 млн теңге қаржы бөлінді. Жол құрылысын жүргізетін мердігер мекеме – «Қызылорда жолдары» ЖШС. Сонымен қатар ауылдың ішкі көшелерін орташа жөндеу жұмыстарының жобалау сметалық құжаттары әзірленуде. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 1,6 млн теңге қаржы бөлініп, тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигон

аумағы қоршалады. Сонымен бірге қазірде ауыл тұрғындары үшкәсілік полиция инспекторларының аудан орталығынан қатынап жұмыс істейтіндеріне наразы. Әрине халықтың талабы орынды. Қылмыс кез келген сәтте орын алуы мүмкін. Ал ондай жағдайда үшкәсілік полиция қызметкері заматында оқиға орнынан табылып, әбжіл әрекет етуі тиіс. Ауыл халқы бұл жағдайды олардың арнайы қызметтік үйімен қамтамасыз етілмейтінімен байланыстырады. Бірақ бұл мәселе де биыл шешімін табатын болды. Аққыр және тағы да басқа 9 ауылдық округтен

үшкәсілік полиция қызметкерлеріне арнап тұрғын үйлер салынады. Тиісті қаржысы да шешілген. Сонымен бірге шалғайдағы Аққыр ауылында күрмеулі бір мәселе бар. Ауылда ауылдық клуб жоқ. Халықтың мәдени-рухани даму үдерісінде мәдениет үйлерінің маңызы зор. Сондықтан елімізге белгілі талай өнер өкілдері шыққан бұл ауылға мәдениет үйі әбден керек. Аудан басшысы аққырлықтарға бұйыртыса, биыл жаңа клубтың құрылысы басталатынын жеткізіп, қуанып қойды. Жобалау сметалық құжаты әзірленіп, тиісті министрлікке өткізілген.

Жаңаталап ауылының халқы да аудан басшысының есебін тыңдап, жақсы баға берді және алдағы күндері атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі. Сөз ретінде тұрғындар тарапынан ауылға медициналық жедел жәрдем көлігі қажеттілігін жеткізді және үшкәсілік полиция инспекторын тұрақтандыруын сұрады. Сондай-ақ уәялы байланысты реттеу, интернет желісінің жылдамдығын арттыру қажеттілігі де назардан тыс қалмады. Бұл мәселелер жөнінде Асқарбек Темірбекұлы тиісті бөлімдер мен мекеме басшыларына тапсырма беріп, жедел арада шешуді тапсырды. Одан бөлек ауыз су тарату жүйесіндегі су жинайтын мұнараны жөндеу жұмыстары да жақын арада басталмақ.

Биыл Жаңаталапта №1-ТВ, №2-ТВ, №3-ТВ техникалық су ұңғымасы бұрғыланады. Бұрғылау жұмыстарына 49,6 млн теңге қаржы бөлінді. Яғни алдағы уақытта ауыл халқы аяқ судан тапшылық көрмейді және қуарып кеткен шабындықтар мен мал жайылымы да бұрынғы қалпына келмек.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Жарқын жобалар ауылдарды түлетеді



Бұл ауылдың да мәдениет ошағы әбден ескірген. Бірақ жаңадан бой көтеретін 100 орындық ауылдық клубтың жобалау сметалық құжаттары әзірленіп жатқанынан ауыл халқы хабардар. Құрылысы келер жылға жоспарланып отыр. Сондай-ақ орталық 3 көше жөнделеді.

Ауданымыздағы іргелі шаруашылықтардың бірі – Темірбек Жүргенов ауылы. Бір қуанарлығы, ауыл жылдан-жылға көркейіп келеді. Тұрғын үйлердің жартысына жуығы жаңарған. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсы. Белгілі кәсіпкер Әліби Бекжанов туған жерін түлетіп отыр. Мүмкіндігінше көптеген мәселесін ауыл азаматтарының өздері шешеді. Мәселен, Ө.Бекжанов жеке қаражаты есебінен ауыл орталығынан балаларға заманауи ойын алаңын салып берді. Одан бөлек ауыл ішіндегі басты көшені асфальттау және жарықтандыру, көгалдандыру жұмыстарын да жоспарлап отыр. Таяу арада жүзеге асады деп күтілуде. Десе де биыл бюджеттің қаржысы жұмсалатын ауыл осы – Т.Жүргенов. Өйткені биыл мөлмекеет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдық мерейтойы. Алашқа ортақ қайраткердің туған ауылынан Т.Жүргенов атындағы саябақ ашылады. Аталған көрікті орынды абаттандыруға 67 млн теңге бөлінді. Атаулы жылдың аясында қайраткер атындағы көше жөнделеді. Одан бөлек тозығы жеткен электр желілерін жаңарту, ауылдағы мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу және 8 көшені күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарының жобалау сметалық құжаттары дайындалып жатыр.

Мәдениет ауылында да көптеген игілікті іс атқарылады. Бұл – ең халық көп шоғырланған ауыл. Бірнеше іргелі шаруашылық бар. Яғни ауылда егін, мал шаруашылығы дамыған. Көшелерінің көбі күрделі жөндеуден өткен, жаңа ауылдық клуб, жаңа балабақша және жаңа спорт кешені салынған, жұмыс істеп тұр. Бірақ мәселе де жоқ емес. Тұрғындар тарапынан халыққа ауыз су беру уақытын узарту және көшелерді жарықтандыру, асфальттау, жерді тиімді пайдалану жөнінде бірқатар шаруа бар екені айтылды. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауыл әкіміне және тиісті бөлім, мекеме басшыларына ауыз су тарату уақытын тұрғындар қолданысына сәйкес өзгертіп, реттеуді және жыл соңына дейін көшелерді жарықтандыру үшін ұсыныс беруді тапсырды. Аталған елді мекенде су тарату жүйесінен аулаішілік су тарату желісінің құрылысы жобасын қоса қаржыландыруға 7,8 млн теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында ауылдағы аяқ су тапшылығын болдырмау мақсатында 2 млн теңгеге 2 насос және 2,7 млн теңгеге қажетті аяқ су құбырлары алынады. Ал ауылдың 3 көшесін жөндеу үшін жобалау сметалық құжаттары әзірленіп жатыр.

Мәдениет ауылының іргесіндегі Мырзабай ахун ауылы да аудан әкімінің есеп беру кездесуінде ауданда, ауылдарда атқарылып жатқан жұмыстарға жақсы баға беріп, ризашылығын білдірді.

Бұл ауылдың да басты мәселелерінің бірі – ауылдық клуб пен дәрігерлік емхана. Екеуі де халыққа аса қажет мекеме екені айтпаса да түсінікті. Бұл дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. Оған қажетті 431 млн теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ ауылдағы тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысының жобалау сметалық құжаты дайындалды. Яғни ескірген электр желілері жаңарады. Учаскелік полиция инспекторына қызметтік үй салынатынын да айта кетуіміз керек. Сонымен бірге ауыл орталығындағы 3 көшені асфальттау үшін жобалау сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. 1,6 млн теңге қаржыға тұрмыстық қалдықтарды тегіп, залалсыздандыратын полигон аумағы қоршалады. Бұл – өз кезегінде ауылдағы санитарлық тазалықтың сақталуының және қоршаған ортадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылмауының кепілі.

Ауылдарды түгел аралаған Асқарбек Темірбекулы өз сөзін «Ауылдардағы әрбір жас өздерінің алдындағы ағаларынан үлгі алып, бір-бірін қолдай жүріп, туған жерін түлетуге атсалысуы керек. Ал ақсақалдарымыз жастар бастаған сол игілікті істерге тілекші болып, батасын беріп, елдің бірлігін сақтап отырса, қалған жұмысты халық үшін тікемізден тік тұрып біз атқарамыз» деп түйіндеді.

Бірлігі жарасқан ауылдың тірлігі мығым

Ауылдың қасаруы мен өркендеуі – бүкіл елдің дамуы. Десе де ауыл өмірінде күрделі мәселелер көп екені бәрімізге белгілі. Ол жол жағдайының денсаулық мәселесіне дейін немесе интернет сапасы, білім беру саласына дейін көтерілетін жайт, ауыл ахуалы қаладан қарағанда төмен екені сөзсіз. Иә, бұл мәселелердің барлығы, халық

талабына құлақ аспағандықтан туындаған жағдаяттар. Дегенмен тоқсан сайын үрдіске айналған әкімдердің халық алдында есеп беру кездесуі елді мекен ахуалын жақсартуға үлкен септігін тигізді. Басшыға айтылған сын халыққа да тікелей байланысты, себебі халықтың саяси белсенділігі оянса, ондағы тіршілік те жанданады. «Көш жүре түзеледі» демекші, аудандағы кейбір ауыл-аймақта барлық жағдай жасалған, әлеуметтің әлеуеті артқан. Бұл – атқарылған жұмыс және халықтың, аудан басшысының, яғни әкімнің үлкен жемісі.

Аудан әкімінің есепті кездесуі Қаракеткен ауылдық округінде жалғасты. Ауыл тұрғындарының барлығы дерлік қызығушылық танытып, таң атысымен ауылдық клубқа жиналған. Асқарбек Есжанов, барлық бөлім басшылары, сондай-ақ жаңадан сайланған аудандық емсiхат депутаттары халық алдында тік тұрып, есеп берді.

Иә, бұл елді мекенге бұрын да жолымыз түскен. Қаракеткенде біраз мәселенің осы күнге дейін де шешімі табылған. Қос елді мекенді қамтитын ауылдық округте ауыз су жүйесі жаңартылып, бүгінде ел игілігін берілген. 5 орындық аурухана, ауылдық клуб халыққа қызмет етуде.

Мыңнан аса халқы бар Қаракеткен ауылдық округінде Сыр салысын себетін егіс алқабы болмағанымен мұнда халық белсенді. Бүгінде қаракеткендіктер кәсіп ашуға әбден машықтанған. Олай болары да заңдылық, өйткені тұрғындар өз сүйікті ісін кәсіпке айналдыруға бет бұрған, өзін-өзі жұмыспен қамтып қана қоймай, жерлестерін де тірлікке тартуда. Мал шаруашылығын дамытуға ден қойған ауыл халқы кәсіптің бұл түрінен табысын еселеп отыр. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын 5 жеке кәсіпкер, ауыл халқын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған «Фариза», «Жанжаз» жеке сауда орындары жұмыс жасап тұр.

Иә, ел болғасын мәселенің де туындайтыны заңдылық. Ауылды көркейту-абаттандыру бойынша атқарылуы тиіс бірқатар жұмыстар бар. Мысалы, электр жарығына қатысты бірқатар көшенің жарық бағаналары ескірген. Осыған байланысты ауылда электр энергиясын пайдалану барысындағы кедергілер бар екені ескеріліп, 2023 жылы электрмен қамту желілерінің құрылысына 85,6 млн теңге бөлінген. Ел жолдардың сапасына тоқталсақ, Қаракеткен ауылында 14 ішкі көше болса, оның 12-сі асфальтталған.

– Өріне кез келген мәселенің шешімін табуда қаражатқа келіп тірелетінін білеміз. Ауданға қаншама қаражат тартылып жатыр екен, Асқарбек Темірбекулының жұмысына жақсы деген баға береміз. Ең бастысы, аудан ахуалын арттыруға біршама жобалар жүзеге асып жатыр. Сондықтан басқа да мәселелерді шешуде кезек-кезеңімен қолға алынатынына сенеміз. Бастысы, халықтың ауызбіршілігі мығым. Татулықты ту еткен қауымның қай уақытта болсын қамал аларын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Мен ауыл азаматы ретінде жерлестерімнің бірлігін, ынтымағын жоғары бағалаймын. Елде береке мен бірліктің орнауы үшін де керекі осы емес пе, – дейді ауыл тұрғыны Қайырқұл Боданов.

Осы жылы да ауылда құрылыс жұмыстары қарқын алмақ, ол үшін жоспарланған бірнеше жобалар да бар. Мәселен, көркейту-абаттандыру барысында Далдабай елді мекеніндегі балалар ойын алаңы 4,9 млн теңгеге ағымдағы жөндеуден өтеді.

Сондай-ақ өткен кездесулерде тұрғындар ауылға жаңа жедел жәрдем көлігі қажет екенін айтып келеді. Бұл ұсыныс та Асқарбек Есжановтың назарынан тыс қалмады. Жазға

дейін сұранысты қанағаттандыру бойынша ауылға жедел жәрдем көлігі берілетін болды.

Ауылдықтар үшін тағы бір жақсы жаңалық Қаракеткен, Далдабай елді мекендерінің ішкі көшелерін жөндеуге 5 көшеге ЖСҚ әзірленеді екен. Аудан басшысы өз сөзінде, әсіресе елді мекендегі ауылдардың сапасына ерекше мән беретінін баса айтқан болатын. Сөзден іске көшкен өңір басшысына қаракеткендіктер риза болды. Сонымен қатар алдағы уақытта елді мекенге 150 орындық ауылдық клуб құрылысын салуға ЖСҚ әзірленетін болады.

Бүгінде Қаракеткен – берекелі ауыл. Өзге ауылдар секілді күріш екпегенімен, мүмкіндігінше мал өсіріп, бақша салып, балық аулап, тұрмыстарын түзеп отыр. Алайда ауылда түйткілді мәселе де жоқ емес. Ауыл сыртындағы бақшалыққа аяқ су жеткізуде және мал жайылымдық, шабындық жерлерді пайдалануда біршама қиындықтар бар көрінеді. Бұл мәселелер жақын арада толыққанды шешілетінін аудан басшысы жеткізді. Сонымен қатар қыстық азығын дайындап аламын деген азаматтарға аудан бойынша биыл 500 гектар бақшалық жер дайындалып берілмек. Осы жерлерден қаракеткендіктер де үмітті екенін көрсетті.

Керемет жаңалықтарды естіп, толғандырған сауалдарына жауап алған көпшілік жиын соңында 2022 жылғы атқарылған жұмыстар мен оң өзгерістерге ризашылықын жеткізіп, аудан басшысына сәттілік тіледі.

Тірлігін түлеткен ауыл

Тақтайдай тегіс тас жолда көлігіміз жүйткіп келеді. Қас қағым сәтте М.Шәменов ауылына да жеттік. Кіреберіс көшедегі қаз-қатар бағандарда ілінген шамдар кеш қарайса, ауыл ажарын тіпті айышқтай түсетіндей. Ауыл тұрғындары әдеттегідей жол бойын қоқиштан тазартып, көшет отырғызып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, таза ауылды одан да бетер тазартып жатыр.

Иә, өңір басшысы Асқарбек Есжановтың халық алдындағы есеп беру кездесуі М.Шәменов ауылында жалғасты. Аталған ауыл аудан бойынша Сыр салысын өндіруде зор үлес қосып отырғанын өңір халқы жақсы біледі. Сондай-ақ мал шаруашылығы да кең қанат жайып, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер қатары артқан.

Аудан басшысы бастаған топ әдеттегідей ауыл халқының алдында тікесінен тік тұрып, тұрғындардың мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ тұрмыс түйткілдеріне қатысты қойылған сауалдары мен шешімін таппай жүрген мәселелері бойынша жауап берді.

Өңірде ауылдық округтердің ішкі жол мәселесі жыл санап онтайланып, толықтай жаңартылып келеді. Мәселен, 2022 жылы М.Шәменов ауылында 8 көше күрделі жөндеуден өтсе, 2023 жылы ауылдың кіреберісінде орналасқан Бұқарбай батыр көшесін жөндеуге 66,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда 2 көшені күрделі жөндеуге, қосымша 2 көшенің және Ө.Төшімбетов көшесінің құрылысына, ауылды газдандыруға ЖСҚ әзірленген.

Ең бастысы, ауылда халықтың маңызды өмір сүру қажеттіліктерін толықтай бір жүйеге келтірілген. Мәселен, елді мекенде ауыз су толықтай үйді-үйге жүргізілген. Ауыл руханияттың орталығы екенін аудан басшысы кездесулерде айтып келеді. Тек айтып қана қоймай, ауылдарда мәдениет, спорт көшендерін жаңарту, қайта салу жұмыстарына баса мән беруде. Осы арада бүгінде ауылда мәдениет үйі мен билік ошағы жаңаланған. Сонымен қатар елді мекендегі көшелерді көркейтін-абаттандыру бойынша «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы

аясында ауыл іргесіндегі тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигонды қоршауға 1,5 млн теңге де қарастырылыпты.

Бір сөзбен айтқанда, ауылдың бүгінгі тынымсыз тірлігі тек бірлігімен келгенін айтпай-ақ аңғартып тұрғандай. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов қай ауылға барса да алдымен тұрғындардың тірлігін емес, бірлігін көргісі келетінін баса айтты.

– Аудан басшылығы сіздердің ұсыныстарыңыздың негізінде бюджетке байланысты мәселелердің барлығын өз ретімен кезеңімен шешуге мүдделі. Мейлі қандай мәселе болса да ол үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз. Алайда ауылдағы ағайынның арасында өзара ынтымағы, ауызбіршілігі болмаса, бәрі де бекер. Мен, ауыл әкімі бар және осы жердегі ақсақалдар мен ел ағаларының ұйытқы болуымен ең алдымен елдің бірлігін бекемдеп алуымыз керек. Сонда ғана ойға алған мақсат-міндеттеріміз ретімен орындалып, тірлігіміз өз-өзінен алға басатыны анық. Мен сіздерден осы мәселені ескерулеріңізді сұраймын, сіздердің басты міндеттеріңіз – ауыл ауызбіршілігін ұстап, бірлігін бекемдеу, – деді өңір әкімі Асқарбек Темірбекулы.

Аудан әкімі тиісті бөлім, мекеме басшыларымен бірге сұрақтарға жауап беріп, орындалуы тиіс мәселелерді бақылауына алып, жұмыс жүргізу үшін бөлімдерге тапсырма берді.

Елдің талап-тілегі басты назарда

Аудан әкімі бастаған топ түске таяу кент іргесіндегі Ақсу ауылына да табан тіреді. Асқарбек Есжанов 2022 жылы атқарылған жұмыстарды баындап, алдағы жоспарланған жобаларды тарқатып, ел алдында тік тұрып есеп берді. Сондай-ақ кездесуге жиналған халықтың ұсыныс-пікірлері мен мұң-мұқтажы жеке-жеке тыңдалып, тұшымды жауап та берілді. Десе де бұл аталған ауылда айтарлықтай күрделі мәселе көтерілген жоқ.

Ауыл ақсақалдары байыппен кезекпен-кезек сөз алып, елдің бірлігін сақтаудан маңызды ештеңе жоқ екенін айтты. Расында Ақсуда қазір сол бірлігін туындаған берекелі тірлік бар. Бірнеше жылға созылған жер дауы да шешімін тапқан. Быыл шаруашылықтардың демеушілігімен Ақсу ауылына кіреберіс басты жол жарықтандырылыпты.

Тұрғындар үшін маңызды Ақсу ауылына кіреберіс автомобиль жолын жөндеуге 76,6 млн теңге бөлініп, ауқымды жоба жүзеге аспақ. Сондай-ақ ақсулықтардың ұсынысына сәйкес 3 ішкі көшенің жөндеу жұмыстары үшін жоба сметалық құжаттар дайындалуда. Мұнан бөлек осы жылы ауылда жалпы құны 184,7 млн теңгені құрайтын электр желілері толық жаңартылатын болса, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында ауылдағы тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигонды қоршауға 3,5 млн теңге бөлінеді. Ауыл халқы үшін ең қуанышты, көптен күткен жаңалықтың бірі Ақсуда биыл қыркүйектен отын жүргізіледі. Алдыңғы жылдары аудан орталығымен ауылды байланыстыратын жол жөндеуден өтіп, қазір сол жол халыққа сапалы қызмет етіп жатыр. Ендігі жерде сол жолдың бойына светифор қойылатын болды. Ол да ақсулықтардың талап-тілегі болатын. Міне, халық не сұраса, аудан басшылығы дереу орындауға жұмыс жасауға ниетті. Сондай қамқорлық пен еңбекті көріп отырған ақсулықтар аудан әкімшілігіне өз алғыстары мен тілектерін жаудырды.

– Соңғы жылдары ауылымызда көп жұмыс істелді. Асфальт төселді, көшеге жарық берді, көптеген үйлерде су бар. Аудан азаматтары мәселеге бейжай қарамайды, қолдан келгенше істеп жатыр. Қазір жағдайымыз жақсы, жұмыс жасаймын деген адамға барлық мүмкіндік жасалған. Ең бастысы, бейбітшілік, бірлік-береке бар. Ауыл сонысымен құнды. Аудан басшылығына Ақсудың аналар тілегін жеткізіп отырмай, сіздерге сәттілік тілейміз, – деді ауыл тұрғыны Мәриямкүл Ержанова.

Өткен жылы аудан бойынша 250 гектар бақшалық жер халыққа үлестіріліп, бірнеше аудан азаматы қыстық азығын жинап алған болатын. Сол үрдіс биыл да жалғасын табады. Енді 250 гектар емес, берілетін жер көлемі 2 есеге, яғни 500 гектарға ұлғайған. Мұны естіген ауыл халқы дән риза болды. Өріне ақсулықтар бау-бақша егуден қашанда өңірде осы кезге дейін алдыңғы қатарда болып келді.

Ел іші болған соң мәселе болмайды емес, болады. Ақсу ауылында да егістік, жайылымдық жерлерге және аяқ су бойынша біршама мәселелер айтылды. Бірақ аудан әкімі ол бойынша өзі жауап беріп, алдағы күндері шешімін табатынын жеткізді және Ақсу ауылдық округі әкімі Марат Шілдебаявқа ел ішіндегі іріпі-ұсақты кез келген мәселені назарға алуды тапсырды.

Кентте көшенді жұмыстар жеткілікті

Өңірімізге қарасты 14 ауылды аралап, халықпен кездескен аудан басшысы халық алдындағы есеп беру сапарын кент орталығында қорытындылады. Руханият орталығында жалағаштықтармен кездескен Асқарбек Темірбекулы алдымен кент ішінде атқарылып жатқан жұмыстармен еңе алдағы жобалармен егжей-тегжейлі таныстырды. Кентте кемшіліктерден жетістіктер жетерлік. Өйткені атқарылған жүйелі жұмыстар халықтың көз алдында. Қаншама нысан пайдалануға берілсе, сол жобалар қазір халық үшін қызмет етуде. Аудан тарихында болмаған қаржы тартылып, аудан бюджетінің басым бөлігі осы аудан орталығын көркейту-көгалдандыру жұмыстарына арналды.

Мәселен, 2023 жылы Жалағаш кентінде жалпы құны 643,6 млн теңгеге М.Шәменов, І.Нүрқенов, І.Панфилов, Мысық би, А.Бектібаев көшелеріне күрделі жөндеу өткізіліп, ПМК-09 көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қосымша 7 көшені күрделі жөндеуге жоба сметалық құжаттар дайындалды.

Жаңадан ашылған «Ақтерек» учаскесінде инженерлік инфрақұрылымының сумен жабдықтау жүйесі құрылысына республикалық бюджеттен 73,2 млн теңге бөліне, газбен жабдықтау жүйесінің құрылысына 618,6 млн теңге бөлінді. Жаңа учаскенің су ұңғымалары және су жинау-тарату көшенінің құрылысы жобалары да назардан тыс қалмай 21,4 млн теңгеге қоса қаржыландырылды. Қазіргі таңда «Ақтерек» учаскесінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс жобасына және электрмен жабдықтаудың 2 кезеңіне ЖСҚ жасалды.

Бүгінде аудан орталығының тұрғындары көгілдір отынның шапағатын көріп отырғанына 2 жылдан асты. Ендігі жерде әлеуметтік маңызы бар ғимараттарға газ тарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы арада «Наркескен» спорт клубы мен аудандық кітапхананың жылу қазандығын газ отынына ауыстыруға 2023 жылы республикалық бюджеттен 35,4 млн теңге қаржы қаралған. Сонымен қатар аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі мен Жалағаш кенті әкімі аппаратының ғимаратын газ отынына ауыстыруға ЖСҚ әзірленді.

Тұрғындарды, әсіресе жас отбасыларды қолайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі қазіргі таңда өзекті екені рас. Осыған орай Жалағаш кентінің Дәуімбай учаскесінде салынатын бір пәтерлі 3 бөлмелі арендалық 20 тұрғын үйдің құрылысын салуға жоба сметалық құжаттар дайындалды.

Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жасау мақсатында Үркімбаев №1, №2 мекен-жайындағы көпқабатты үйлерге жоқа сметалық құжаттар жасалып, қаржы қаралауда.

Дәуімбай елді мекенінен 200-ден аса жасөспірім кент орталығына түрлі үйімелерге, спорттық секцияларға қатынап оқиды екен. Өріне балалардың қауіпсіздігі бірінші орында екенін жақсы түсінген аудан басшысы осы мәлесені дереу шешуді қолға алдыты. Осыған орай Дәуімбай учаскесі мен Жалағаш кенті аралығындағы темір жол өткелі мәселесі ол шешімін тапты. Жалпы құны 184,9 млн теңгеге 2023 жылы сәуір айында жауы жүргізілілерге арналған аспалы көпір құрылысы басталады.

Кездесуге жиналғандар арасында өздерін толғандырған сауалдарын қойғандар да аз болған жоқ. Тұрғындар сауал жолдау барысында кент ішіндегі санитарлық тазалық жұмыстарының жүргізілу барысы, абаттандыру жұмыстарын күшейту, аяқ су мәселесін шешу туралы ұсыныстарын жеткізді.

Осы ретте аудан әкімі Асқарбек Темірбекулы кент орталығын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы 6 насос алынғанын, абаттандыру жұмыстары барысында адам өмірінің қауіпсіздігін сақтауды негізге ала отырып, көлік қозғалысы көп көше қиылыстарына 4 бағдаршам орнатылатынын және барлық білім беру ұйымдарының алдына жасанды жол кедергілері қойылатынын айтты.

Асқарбек Есжанов ауданды басқарған 11 айдың ішінде аудан орталығында бірнеше ауқымды жобалар жүзеге асып, зәулім ғимараттар бой көтеріп, кент көрі көріктене түсті. Өріне кезге көрінген жұмысты, еткен еңбекті кент тұрғындары жоғары бағалап, аудан әкімінің жұмысына қанағаттанатынын жеткізді. Өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянбай еңбек ететін басшылық құрамның жүйелі жұмыстарына тілекші болды.

Жиын соңында еңбек ардагері Қайып-назар Қосжанов елдің бірлігін сақтау бәрінен маңызды екенін түсіндіріп, қызметтегі азаматтарға батасын берді.

– Бүгінде шүкір, бар қиындықтар артта қалып, еліміз қарыштап дамып келеді. Ауданымыздың өзінде бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама өзгеріс болды. Облыс орталығына қатынаытын тасжол жөндеуден өтіп, аудан орталығында көптеген ғимарат бой көтерді. Түрлі сауда орындары ашылды. Жұырда ғана көгілдір отын кіріп, халық қуанышқа бөленді. Осы жетістіктердің барлығы бірліктің, ауызбіршіліктің арқасында деп айта аламын. Өйткені бірлік – мәңгілік және бөлінбейтін, ынтымағы мен берекесін бірге ұстаған еліміздегі ең биік ұғым, сан ғасырлар бойғы дана халқымыздың бойына сіңген асыл қасиеті. Бабаларымыз ынтымақ пен татулықты, ауызбіршілік пен сыйластықты мүдделі түрде еліміздің біртұтастығын сақтауда ердайым биік мақсат етіп қойған. Шүкір, қазір ел басқаруға жастарымызда көптеп араласып, белсенділік танытуда. Мұны өзі бізді қатты қуантады. Сол себепті өңіріміздің бірлігін сақтап, әрі қарай келешекке нық қадам басу жалағаштықтардың нақты мақсаты мен міндеті бола бермек, – деді аудан ақсақалы.

Қуат АХЕТОВ,
Жандос ЖАЗКЕН
Басы 1-бетте



Ел есіндегі есім, болмысы бөлек бейне



Бұрынғылар жайында көп айтамыз, бұрынғылардың таза болмысын бүгінгілерге үлгі етеміз. Бұл «бүгінгі буын тозып кетті» деген сөз емес. Әйтсе де кейінгі ұрпақтың ұсақталып бара жатқаны да жасырын емес. Әсіресе біздің және бізден кейінгі буынға мінез-құлық тұрғысынан көбіне толымды, тұщымды сөз айтыла бермейді. Сондықтан «бұрынғылар» деп басталатын әңгімелерге құлақ қойып, жалынды сөз, жасампаз істерімен тұтас дәуірлерді қалыптастырған алдымыздағы аға буынды біз де өнеге етсек, артық болмайды.

Бүгінгі кейпкеріміз де сол алдыңғы аға ұрпақтың өкілі, ұлағатты ұстаз, зиялы болмыс иесі. Ол – Иманғали Жұмағұлов.

Иманғали әкеміз 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Ол уақытта ойды, қырды мекендеп, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп, мал соңында тіршілік кешкен халқымызда оқып, сауат ашқандар аз болғаны тарихтан белгілі. Әйтсе де жаңа заманның оқуын тауысып, ғылымын меңгерген сол ұлт зиялыларының әрбірі мәрт мінезімен, ұлтына адалдығымен мың адамның ісін атқарды. Сондай тұлғалардың қатарына Иманғали Жұмағұловтың есімін қосуға әбден болады.

Құм ішінде азын-аулақ малмен жан бағып отырған ата-анасы балаларының көзі ашық, заманға сай білім алғанын қалап, 6-7 жасар Иманғалиды молдаға аманаттайды. Сөйтіп ең алғаш ауыл молдасынан сауат ашып, хат таныған Иманғали әкеміз білім теңізіне кемесін салады. Жасынан зерек, алғыр шәкірт ата-анасының бағыт-бағдарымен Күйбішев (Самара) қаласындағы педагогикалық институтынан орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі деген мамандық алып шығады. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, жаңа заманға сай өзін жан-жақты жетілдірген ол кісі кейін, 1925-1927 жылдары Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетінде (САГУ) мемлекет және қоғам қайраткері, өзінің төл құрдасы

мінезіне сай басына жиған білімін сол ұлтқа жұмсағысы келген көшпенділердің ұрпағынан қызыл өкімет өлердей қорықты. Сондықтан НКВД олардың соңына шам алып түсті. Сыбырлаған сөзі мен әр басқан қадамы бақылауда болды. Иманғали әкеміздің өкіметтің саясатына теріс көзқарасы болмаса да, Темірбек Жүргеновтың туысқаны ретінде НКВД-ның қырына ілігеді. Қанды қасап жүйенің жеңдеттері «қара тізімге» енгендерді қыбыр етсе, қырқып түсіреді. Иманғали Жұмағұлов сол қауіп-қатердің қарауылында жүріп бала оқытты, ұрпақ тәрбиеледі.

Басынан бастасақ, Ташкенттегі аталған жоғары оқу орнын бітірген соң Темірбек Жүргенов Қазақстанға келіп, қызметке кіріседі. Кейін Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары болған тұста Иманғали әкемізді арнайы Алматыға шақыртады. Ол жылдары қоғамда бір шоғыр қазақ зиялылары қалыптасқанымен, жалпай халық сауат-сыз еді. Заманына қарай білім алып, ғылым игермеген елдің халық ретінде кері қалғандығы белгілі. Міне, осы жағдайды ескерген Темірбек Жүргенов айналасына білімді, парасатты, ақыл-ой иелерін жинай бастайды. Солардың бірі Иманғали әкеміз қаланың іргесіндегі Түрген селосында мектеп мұғалімі болып ұстаздық жолын бастайды. Көп өтпей сол мектептің директоры болады. Қызметке келген бойда мектептің ішкі тыныс-тіршілігін жандандырып, жалпы білім беру жүйесіне жаңашылдық алып келеді. Білікті маман, білімді адам қоғамға аса

ды. Ол үйдің тоғызының бас көтерер ер азаматы майдан даласында жан алысып, жан берісіп жатқан көз. Жұрттың көңілі жадау, күн сайын «қара қағаз» алып, қара жамылып жатқан шаңырақтың көбейген кезі. Міне, сондай қиын сәтте, сындарлы шақта айналасын жұбатып, жеңістің таяу қалғанына сендіріп, рухтандырып отырды. Бір сөзбен айтқанда, мұғалім бола жүріп, аудандағы арнайы жүргізілетін идеологиялық жұмысты бір өзі атқарды дегуе болады. Одан соң Арал қаласындағы «Рабфакта» оқу ісінің меңгерушісі болып, болашақ партия қызметкерлерін даярлады. Ол кездегі өлшеммен алатын болсақ, жер-жерде партия саясатын жүргізудің өзіне жоғары білімі бар, жеке бас тәртібі дұрыс, тұлғалық жағынан толысып, қалыптасқан азаматтар ғана таңдалатын болған. Партия жұмысы сенім мен жауапкершілікті талап етеді. Ал Иманғали әкеміз партия жұмысын жүргізетін тұлғаларды оқытып, арнайы маман дайындап шығаруға атсалысқан.

Зейнет жасына жақындағанда өзінің туған жері Жаңаталапқа келеді. Өзінің туып-өскен ортасына оралған соң да абыройы асқақтамаса, аласарған жоқ. Ол елге оралғанда жасынан батасын беріп, қияға аттандырған алдындағы ағалары ақсақал соңынан ерген інілері де азамат болған Солардың барлығы елден кіндігін үзбеген перзентін құшақ жайып қарсы алады. Түпкі тегі жақсы, болмысы бүтін, ақыл толық, парасатты, білімді адамның орны қай кезде де төр ғой. Араға жылдар салып ауылына келген ұстаз құрмет, көшеметтен көнде болмайды. Күн өткен сайын халыққа сыйы артып, ұлы көштің жетегін ұстайтын елағасына айналады. Ауылға келген соң партия ұйымдастырушысы болады. Ол заманда бұл жұмыстың жауапкершілігі зор. Ал жоғарыда айтқанымыздай, идеологияның жұмысын жүргізуде партия кез келген адамға сенім артпайды. Осы қызметте жүргенде Иманғали әкеміз әлдебіреулер секілді лауазымды асыра пайдаланып, халыққа қиянат қылмайды. Партияның тәртібі темірдей, талабы тастай болса да, халықтың жағында болып, сөзін сөйлейді. Ел ішіндегі төнтек-төліні тезге салып, түзетіп алса да, аудан орталығына оның жаманатын жеткізбей, жауып отырады. Елдік мүдде жолында жіберген кемшіліктер үшін өзін аяусыз жазаласа да, ауылдағы кейбір қыңыр-қысық мінезді ағайындарына түсіністік танытады. Сонымен бірге ауыл тұрғындарының қордаланған әлеуметтік мәселелерін аудандық, облыстық, тіпті республикалық деңгейге дейін көтереді және Мәскеуге орыс тілінде арнайы хат жолдап, оның оң шешімін табуына атсалысып отырған. Одан бөлек жасынан жақсылардың әңгімесіне қанық, жыраулардың қиссадастарынан құлағына құйып өскен Иманғали әкеміз ауылда өтетін той-думандардың тізгінін өз қолына алып, домбырамен әуелетіп өн салып, қый тартып қуанышты думанның көрігін қыздырады екен. Біз бұдан кейіпкерімізді жаңа қырынан тани түсеміз. Түп тамырынан ажырамаған қазақы болмысы, көпті тыңдата алатын әңгімешілдігі, шешендігі, әншілігі, серпілігі кейіпкеріміздің өз ортасында абыройын одан әрі асқақтата түскені сөзсіз. Бұл жайында сол заманда ел басқарған Есұлы Шаймағамбет әкеміз «Ауылда Иманғали болса, бізге театрдың керекі жоқ» деп деріптеп отырады екен. Сондай-ақ ауыл адамдары «Иманғалидың мерекелерде жөне басқа да атаулы күндерге байланысты өтетін маңызды шараларда оқыған баяндамасынан кейін кезіміз ашылып, бір серпіліп қаламыз» дейді екен.

– Әр заманның өз көшбасшысы болады және ондай зиялы тұлғалар әр ауылда бар еді. Иманғали ағамыз сол зиялы тұлғалардың алдыңғы қатарында болды. Біз бала күнімізде Именкеңнің біздің өзіміз түгіл, көзіміз жетпеген Ресейде, Ташкентте жоғары білім алып, Алматыда үлкен қызметте істейтінін естітіміз және ойын баласы болсақ та, ол біз үшін зор мақтанш еді. Сол ағамыз өткен ғасырдың қы-

рықыншы жылдары ауылымызға келді. Түбегейлі оралды. Сақайып, ел басқарып, өмір көріп, тәжірибе жинап, көмеліне келіп әбден толысқан шағы еді. Қысқасы, біз сол ағамызға еліктеп өстік. Именкеңнің үлгі, өнегесін алдық. Өзімізге ұстын тұттық. Ол кезде ауылда газет-журнал жаздырып оқытқан аз, тіпті жоқтың қасы. Ал орыс тілінде шығатын саяси басылымдарды оқымақ түгіл көрмеген. Именкең «Правда» газетін оқытын және радиодан күнделікті жаңалықтарды жібермейтіндейді. Ауылдамыздына Мәскеудегі, ел астанасындағы жаңалықтарды қазақша аударып, жеткізіп отырады. Сонымен бірге күнде көшкісін ауыл адамдарың колхозшыларды жинап, саяси сабақ өткізетін. Есейіп қалған балалар, біз де қатысамыз. Сөйлеу мәнері бөлек еді. Бойынан дегдарлық бақалатын. Киім киісі, өзін ұстауы ерекше еді. Іс-әрекетінің бәрінен халқымызға тән кішіпейілдік және өркениетті қоғамға сай мәдениет байқалып тұратын. Өз жұмысын өте белсенді әрі үлкен жауапкершілікпен атқарды. Қажет жерінде халықтың мүддесі үшін отқа да, суға түсетін. Шыншыл, өткір, батыл еді. Мемлекет тарапынан ауыл мектебінің мұғалімдеріне берілуі тиіс ۇн, отың, көмір сияқты әлеуметтік көмектерді Иманғали ағамыз Мәскеуге, Оқу министрлігіне бірнеше мәрте хат жазып, қалыпқа келтірді. Сол қамқорлығы үшін кешеге дейін ауылдың зейнеткер ұстаздары басы қосылған жерде Именкеңді еске алып, алғыстарын айтып жүрді.

Иманғали Жұмағұлов ауылда, ауданда ғана емес, аймақтағы ең беделді ұстаз болды. Ағартушы ұстаз ретінде бірнеше буын саналы, сапалы шәкірт тәрбиеледі. Ауданымыздың саяси-әлеуметтік дамуына, мәдени-рухани өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Мен осындай ұлағатты ұстаздың, тұғырлы тұлғаның шәкірті болғанымыз бүгінде мақтан етеміз, – дейді ауыл ақсақалы Мәлік Хабаров.

Расында ұлтқа қызмет етудің ең абзалы – ұрпаққа білім беру, бұқараны сауаттандыру. Бұл – діни ұғым бойынша да үлкен сауап. Бұл тұрғыдан Иманғали Жұмағұловтың есімі кейінгі ұрпақтың жадында жаңғырып тұрады анық. Халық ағарту ісінде өзгелерге озық үлгі болған Иманғали әкеміздің елге өткен ерен еңбегі ескеріліп, «Еңбектегі ерлігі үшін», және «Ұлы Отан соғысы кезіндегі адал еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Тәрбие отбасынан басталады. Отан деген түсінік және сүйіспеншілік те отбасынан қалыптасады. Иманғали әкеміз де жұрт баласынан бұрын өз ұл-қыздарының бойына тәрбие дарытып, санасына білімнің сәулесін түсірді. Иманғали әкеміз бен Мәрия анамыздың кіндігіннен өрбіген ұл-қызының барлығы да өмірден өз жолдарын тапты, қоғамның сан-саласы бойынша еліне адал қызмет етіп, перзенттік парызын өтеді. Өмірдегі адами ұстанымдары мен қызметтегі адалдығы оларды халықтың алғысына бөледі, абыройдың шыңына шығарды. Бүгінде екінші ұрпағы өліміздің әр түкпірінде лауазымды һәм жауапты қызметтер атқарып келеді.

– Әкеміз өз ғұмырында ұстаздық етіп, ел баласын тәрбиеледі. Өз замандығына сәйкес бізге, балаларына да қатан талап қойды. Біздің толық адам болып қалыптасуымызға бар күшін салды. Жан-жақты білім алуымызға бар мүмкіндікті жасады. Сонымен бірге өнер үйренуімізге де өзі үлгі болды. Ауылда той-думандарда, мерекелік жиындарда домбырамен өн салатын. Ал еке ретінде қамқор, өте мейірімді еді. Біз өке мейіріміне жарып өстік. Мен үшін де, менің бауырларым үшін де өлі күнге дейін ол кісі алдымен әкеміз, содан соң ұстазымыз. Ал біздің түсінігімізде ұстаз – ұрпағын ғана емес, тұтас ұлтты тәрбиелейтін тұлға. Ендеше әкеміз – біз үшін ұлтына адал қызмет еткен мемлекетшіл қайраткер тұлға. Кейінгі ұрпағының ұғымында да биік те бекзат болмысымен қала береді, – дейді Сәбит Иманғалиұлы.

Қуат АДИС

Қараның қыстауы – Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылының солтүстік-батысында 12 шақырым қашықтағы ескі қыстау атауы. Жүргеннің ұрпағы Жағыпар Нұржанов, Өмірзақ Ысқақов және Саядин Салжановтардың айтуынша, бұл топоним – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың әкесі Қара Жүргенұлы қыстауының орны. Жалағаш ауданындағы осы қыстаудан бірер шақырым қашықтағы төбеде Қараның әкесі Қуаңұлы Жүрген жерленген. Қыстау Іздібай өзегінің бойында. Бұл атырапты жергілікті тұрғындар «Үбіс көлінің маңайы» деп атайды.

Қараның қыстауы



Қараның жаз жайлауы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Басықара қопасы, Тышқанбай саласы, Сулықөл Жабасар, Жантай, Ырғыз өзегінің Қарақай, Мамыт салаларының бойы болған. Темірбек Жүргеновтың дүниеге келген жеріне қатысты таласты пікірлер сол заманғы қазақ халқының өмір сүру салтын ескермегендіктен туындап жүр.

Халқымыздың басым бөлігі 1930 жылдарға дейін байырғы көшпелі салтпен өмір сүріп келгені мәлім. Жаз жайлауы мен қыс қыстауы жоғарыда көрсетілген аймақтарды қамтыған Темірбек ұлтымыз бұл өмір салтын бекем ұстанған XIX ғасырдың аяқ кезеңінде дүниеге келді. Сол себепті қазақтың біртұар азаматы Темірбектің туған жері Ақтөбе немесе Қызылорда өңірі деген біржақты пайымның жөні ретсіз. Қай жерде туып-өссе де Темірбек – қазақтың ғана емес, түрік халқына ортақ тұлға. Оған дәлел ретінде биылғы жыл ТҮРІКСОЙ ұйымының шешімімен түрік әлемінде Темірбек жылы деп бекітілгенін мысалға келтіруге болады.

Темірбектің әкесі Қара Жүргенұлы 1858 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап, Мақпалкөл ауылдарындағы «Қарақ» төңірегінде дүниеге келіп, жастайынан билікке араласып, осы аймақтағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде болыстық қызмет атқарады. Ұрпақтарының айтуынша, Қара – үш әйел алған кісі. Бәйбішесі Сұлудан Ноғай атты ұл мен Бидаш есімді қыз, тоқалы Жәніштен Қосжан, Досжан, Темірбек пен Ысқақ, кіші тоқалы Көмпиттен Биназар, Кәпназар, Айназар мен Зағипа туған.

Кеңес билігі кезінде ауқатты бай ретінде мал-мүлкі төркіленіп, Қарқаралыға жер аударылады. Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы Қызылорда қаласында жазықсыз атылып кеткен. Кеңес билігі Қараның алты баласын (Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ, Кәпназар, Айназар) да ату жазасына кескен. Қара Жүргенұлының есімі ақтаңдақтар тізіміне ілініп, 1990 жылы толықтай ақталды.

Қараның қыстауы топонимі – адам атымен дәлірек айтар болсақ, кісінің лақап есімінен туындаған атау. Өйткені Қараның азан шақырып қойған есімі – Сырлыбай.

Марат ШӨМЕКЕЙ,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері

Жемқорлықпен күрес — ортақ міндет

Қоғамда болып жатқан оң өзгерістер мен келелі істер – елдің өркендеуіне жасалған алғашқы қадамдар. Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктеріміз осындай игі бастамалардың қолға алынғанының нәтижесі деп білеміз. Озық отыздыққа енді мақсат тұтқан мемлекетіміз егемендігінің арқасында көшке ілесіп келеді.

Жалпы, елдегі атқарылған ауқымды жұмыстар жарқын болашақтың көпірі дегуе болады. Әр жылы халыққа арналатын Жолдауларда да ұтымды ұсыныстар айтылып келеді. Бұл жұмыстар өз жүйесін тауып қана қоймай, ел игілігіне қызмет ететін жобаларды қалыптастыруда. Елдегі жарқын жобаларды тілге тиек еткенде, әсіресе кәсіпкерлік саласының дамуына бағытталған түрлі бағдарламаларды айта аламыз. Бұлар өз кезегінде елдегі аталған саланың серпін алуына және ең бастысы әлеуметтік әлеуетінің жақсаруына септігін тигізді. Көптеген ниетті жандар осы бағдарламалар аясында өз кәсіптерін бастап, өзгені де жұмыспен қамтыды. Айналып келгенде елдегі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне де әсер етті.

Бірақ бір өтпеген-айы бар. Ол – сыйбалас жемқорлықтың тыйылмауы. Ұрлық түбі қорлық екенін естіп-біліп жүрсе де, іс жүзінде керісінше әрекетке баратындар көбейді. Бұл шектен шыққандық және біреудің ала жібін аттау деген сөз. Кез келген жетістікті, биік мансапты бармақ басты, көз қыстылықпен шеше аламын деп ойлайтындар түптің түбінде опық жерін түсінебі келеді. Тіпті осындай қателікке бой алдырып, сүйегіне өшпес таңба басылған жаза басушылардың өмірі де басқаларға сабақ болмай тұр. Біреудің өзегін өртеген өкінішті өзіне сабақ еткісі келмей, ауырдың үстімек, жеңілдің астымен жүруді жөн көреді. Осындай жаңыл жатқанын түсінсе, өзінің де, ұрпағының да адамгершілік биігіндегі асыл қасиеттерінен ажырап қалмас еді. Әзірге бұл мүмкін болмай тұр. Ал елдегі осы сыбайластықпен күрестің нәтижесін жуық арада көреміз деп үміттөнеміз.

Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей атсалысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екідудайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына кедергі келтіріп, дамудың баспалдағына іліге алмаймыз. Азаматтардың бойында сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Оған қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты қалыптасады. Мәселен, мемлекеттік заңнамаларды жақсы білуі әр қоғам мүшесінің өз іс-әрекетіне деген сенімділігін арттырып, «бармақ басты, көз қыстылықсыз-ақ» тұлғалық дамуына, өсуіне мүмкіндік береді. Осы жолда қандайда бір қиырқылыққа бармай-ақ жетістікке жетуге болатынына, қоғамға пайдалы азамат ретінде өзін сезінуіне көз жеткізеді. Ең бастысы, жұрт сыбайластықтың көрінісін байқаса, құзырлы орындарға немесе жергілікті басшылыққа хабар беру керектігін білуі тиіс. Әсіресе бұл індеттен мемлекеттік қызметкерлер аулақ болуы тиіс. Мемлекетіміз өркендеп, экономикамыз қарыштап дамысын десек, әрбір отандас қоғам дертімен күресуді өзінің азаматтық парызына айналыдыруы керек.

Сайып келгенде қандай істе де бірлікпен нәтижеге жетуге болады. Жалғыздың шаңы шықпайтынын терең түсінетін халықпыз, сондықтан елдегі жемқорлықтың бедел алуына тосқауыл болуда жудырықтай жұмыламыз деп сенеміз.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық басқармасы
басшысының орынбасары



Темірбек Жүргеновпен бірге оқиды. Бір топырақтан түлеген екі тұлға қазақ халқының келешегі жайында жиі әрі ұзақ әңгімелеседі. Сол заманның сұрқай саясатынан хабардар, көзі ашық Иманғали әкемізді де өз елінде жүріп өзге ұлтқа ар-намысы мен құқы тапталған қандастарының пұшайман хәлі, елінің келешегі алаңдатады. Сол тұрғыда елден шыққан екеудің елдік мүдде жайындағы ой-пікірлері бір арнада тоғысады. Алайда Алашқа адал қызмет еткен Темірбек Қараұлы «халық жауы» атанып, ұсталып кеткенде, қылышынан қан тамған сталиндік жүйенің жеңдеттері Темір наркомның отбасы мүшелері мен туған туыстарын және айналасындағыларды да қырына алады. Иманғали әкеміздің Темірбек Жүргеновке әрі туыстық жақындағы бар, одан бөлек іштей болса да бір-біріне тілеулес, қолдаушы болып жүрген рухтас, мүдделес бір топырақтың перзенттері. Осы жағынан өзіне де қауіп-қатер төнгенін сезеді. Қылтиғанды қалт жібермейтін көздеріне қан толған НКВД қасапшыларының назарына іленбеу үшін өз есімін уақытша Қали деп өзгертуіне тура келеді. Бұндай қадамға Иманғали әкеміз өзінің жанын сақтап қалу үшін емес, елінің алдындағы перзенттік парызын өтеп, ар алдындағы адамдық миссиясын орындау үшін барады. Жалғыз бұл кісі емес, сол заманда көзі ашық әрі ұлтпаңдық қазақтың бәрі қылқепірдің үстінде жүрді. Шындығында, өз ұлтын аса жақсы көретін, Құдай жаратқан

қажет және олар бір жерде тұрақтап қалмай, сол саланың тамырына қан жүгіртуі тиіс. Сол мақсатта Иманғали ағамызды басшылық Жамбыл облысының Ақыртөбе деген жеріндегі орта мектепке директор етіп жібереді. Тәжірибесі бар ұстаз өзі басқарған мектепті де аз уақытта аяғынан тұрғызады. Ол жылдары арнаулы білімі бар мұғалімдер жоқ. Бар болса да өте аз. Алайда маман тапшылығына қарамай, педагогикалық ұқымды жаңашыл жастармен толықтырып, ұлғайтады. Ақыл мен парасатқа, білім мен ғылымға сүйеніп істеген қайсыбір іс те нәтижелі болмақ. Көп өтпей мектептегі тәрбие беру ісі ширап, талап қатайып, білім сапасы арта түседі.

Ер туған жеріне. Жасынан шет жайлап, қиыр қонып жүрген Иманғали әкеміз қырықыншы жылдардың басында туған жеріне оралады. Елге келген соң өзінің ұстаздық қызметін жалғастырып, Қазалы ауданының орталығында мектеп директоры қызметін атқарады. Ұстаз ретінде әбден шыңдалып, тәжірибе жинап, саяси да сауаттанып әбден толысқан шағында тек жас ұрпаққа білім, тәрбие беру ісі мен мектепке басшылық қызметімен шектеліп қалған жоқ. Ауылдағы ақсақалдардан алған қазақы тәлімі мен көңлесіне жинаған білімін ұштастыра отырып, халықты жаңашылдыққа үндеп, бағытын жарқын болашаққа бұрды. Газет-журналды көп оқытын Иманғали әкеміз халықты күнделікті соғыс жағдайынан да хабардар етіп, жағымды жаңалықтарды жеткізіп отыр-

Жұманның торы аты

XX ғасырда өмір сүрген, өмірдің ащы-тұщысын қатар көрген бір көнекөз қариядан әңгіме сұрағанымда: «Иә, айтуға болатын мына бір ат жарыс, аламан бәйге туралы айтайын» деп әңгімесін күрсініспен бастап кеткен еді. Біздің қыстауымыз Қызылорда қаласының бергі жағында, қазіргі үлкен жолдың бойындағы 11-разъезд деген жерде, бір сөзбен айтқанда, қалаға жақын орналасқан. Мен ол кезде он екіні бітіріп, он үшке аяқ басқан едім.

Біздің үйге әкем Мұратбайдың құрдасы Жұман деген кісі сонау Аламесек деген жерден келіп еді, астында жараулы жорға байталы бар, жетегінде басы тұмшаланған, тұрқы есік пен төрдей, ірі торы аты бар. Әкем байғұста ес жоқ, асты-үстіне түсіп сәлем бере аттарды жайғауға кірісіп кетті. Мен дене тұрқы өзгеше аттарды тамашалап, көзімді қос жануардан алар емеспін.

Тұла бойы тұмшаланған атқа жақындай бергенімде әкем маған «Жолама, ол бәйге-торы ғой, адам жатырқауы мүмкін» дегенде ірі денелі Жұман шал: – Әй, жақындай берсің, денесін де, өзін де үйрете берсің, тегі атқа осы бала шабар, – дегенде көңілім тасып қоя берді.

1927 жылдың күзгі соғым тамыз айының аяқ шені еді. Әкемнің маған түсіндіруіне қарағанда Жұман шал торы атын осы жылдың октябрь ревализациясының 10 жылдық мерейтойына аламан бәйгеге қосуға әкелген екен. Үш-төрт ай бойы жаратып, терін алып баптайды. Мені атқа үйретіп, оның қыр-сырын түгел үйрету үшін біздің үйге келген екен.

Қызылорда ол кезде Қазақстанның астанасы, бірінші хатшысы әрі губернаторы Филипп Голощекин еді. Жұман шал атқа беретін жем-суын, сұлысын базардан әкем екеуі әкеліп, бірнеше күннен кейін атқа мінгізіп жетеледі, мені қасына алып, суын ала бастады. Әдемі атқа мінген кезімде мені біртүрлі сезім билеп, өзім қуанышта болдым.

Мен аттың үстінде аласапыран ойда болып, өзімді бір бақытты сезіндім. Сонымен күн артынан күн өтті, ай артынан ай өтіп, бір күткен ұлы дүбір аламан бәйге де жақындап қалды. Жұман шалда тыным жоқ, түнімен аттың қасында демалсын, ішіп-жегенін бақылаумен болады. Бір апта қалғанда мені атқа мінгізіп: – Бүгін үлкен сынақ суын алайық, – деп өзі де жорғасына мінді. Сол кезде біз отырған жерден отыз-қырық шақырымдай Қараөзек станциясына барып, аттарды шомылдырдық. Сонда маған «казір біз атты ауылға қарай айдаймыз» деді.

Мына он-екі құлаш қыл арқанды қолыңа ал, ауылға жақындағанда төбенен асырып қол берерсің. Жолда мотабоз (пойыз), отарба келіп қалса, аттың басын тегеме, тізіңді қоя бер, – деді.

Мақұл дегендей басымды изеп атқа

қарғып міндім. Айыл тартпасын қаттырақ тартып, «әйт-шу» деп аттың басын қоя бердім. Күндегіден шабыс тіпті өзгеше. Өз көзімді бір орамалмен сүртіп үлгіремін, екінші аттың көзін сүртемін де, ер басындай орамалды бірінен кейін ала бастап, аттың жылдамдығына серпін қоса бердім.

Сол кезде «құланның қасынуымен мылтықтың басыуы» дегендей, теміржолға жақындап қалғанда отарба да байқа бала» дегендей шыңғыра алдымнан өте берді, ал астымдағы торыбәйге ештеңеден сескенбестен шабысты үдете берді. Мен қорыққаннан көзімнен аққан жасты орамалмен сүрте аттың да көзін сүртіп, он-екі құлаш арқанды басымнан асыра лақтырып жібердім. Сүттісірім уақыт өткенде Жұман шал да жетті. Келе жатқанда жерге тесіле үңіліп жоқ іздегендей болды. Өзі күтіп тұрған Мұратбайға: – Әй, аттың бабы ойға келді-ау деймін, арқан жерге түспей ауада қалқып келіпті. Демек екпін бар, күш те қосылыпты, тұяғы түскен жер де ойылып қалыпты, – деп көңілденіп тұр.

Облыс бар күш-қолымен күні-түні бәйге алаңын істеп жатыр. Әр айналым 10 шақырым жолмен. «Бәйге он айналым болады, тоғыз айналым 90 шақырым, 80 ат қосылады екен» деп жатыр шалдар жағы.

Менікі тек есту ғой, ұзынқұлақ қауесеттен естіп жатырмыз, ойбай Сәтбайдың бұрылы бар, Шыбынтай шубар байталын құлынынан айырып қосады екен. Таудан екі денен арғымақ келеді дейді.

Бұның бәрі шалдардың әңгімесі. Жұман шалда дегбір азайды.

– Ойпырмай, байталдың келетіні менің көңіліме қаяу түсіріп отыр, басқа аттарға ағалық істейтін шығармыз, – деп күрсініп салды.

Аламан бәйгенің алаңы атшаптырмай етіп тегістеп, бәйгені көріп тұратын халықтың тұрағына топырақ үйіп биіктетіп, өкімет басшыларының тұратын жерлеріне де топырақ үйіп, тақтаймен трибуна істеп, айналасын бөтен кісілер кіріп кетпесін дегендей қоршап қойған.

Өкімет басшылары кіретін жерге милициялар күзетке қойылады. Әніміне дегенше бәйгенің күні де жақындап қалды. Аттылысы бар, түйеге мінгені бар, өгізге мінгені бар жан-жақтан келіп жатты. Жасаулаған адам қаншама. Біз де, әкем екеуміз бәйгеторымен Жұман жорғасымен



келді. Ат қосуға келген адамдар бөлек тұр. Есеп алатындар атқа шабатын балалардың жас, салмағын алып, нөмір беріп жатыр. Қойшы әйтеуір сексен атты адам тіркеуден өттік. Бәйгенің бірінші күні тіркеумен өтті. Ертеңіне азаннан жиналған адамдар мейраммен бірін-бірі құттықтап, түске дейін майда-шүйде жарыстарды тамашалаған қарай ағылып жатыр. Бір кезде халық трибунаға қарап қалды. Үкімет басшылары келіп жайғасып жатыр екен. Жұман шал да маған соңғы ескертпелерді беріп жатыр. «Тобырдың ық жағына қалып қойма, жел жағын ала бер, 7-8 айналымда ер басындағы барлық ораманы алып жібер де атты еркіне жібересің, қамшыларда аяғыңмен шапаттай бер» дейді.

«Ат-шабар, ат-шабар» деген атты адамның айқайы шыққан соң, аттың бөрі тізбектеліп тұра бастады. «Болды-ау» дегенде нұсқаушының қолындағы жалау жоғары көтеріліп «алға» деп айқайлай бергенде, сексен ат жұмылған жұдырықтай алға қарай зымырап кетті. Қатар шапқан аттардың танауынан шыққан пырыл желі, шабандоз балалардың үзеңгі-жүеңгінің сулықпен екеуінің сылдырынан басқа ештеңе естілер емес. Әне-міне дегенше 6-7 айналымды артқа тастадық. Топырлай шапқан аттардың қатары да сирей бастады, жетіңші айналымынан өттік, сегізінші айналымға өте бергенде торыбайталмен Жұман қатарласа айқайлай «орамның бәрін алып,

алдыңғы қатарға шық, ол топтан ұзақ қалма» деп кейіндей берді, сегізінші айналымда төрт-бес ат оқшауланып алға шықты. Тақымды қысып, атқа екпін қостым, алға шығуға сәл қалғанымда алдымда келе жатқан Шыбынтайдың байталы басын бұрып, менің атыма «арс» өте қалды, жаныма қарасам, таудан келген екі денен де қатар екпіндеп келе жатыр екен. Сегізден аман-есен өтіп, тоғызға аяқ басқанымызда төрт ат ішінде мен де бармын, оқшаулана бердік, негізі топтан оқжетер жердей алға кеттік. Сол кезде біз күтпеген жағдай болды. Ту сыртымыздан бір дүрсіл қосылып кетті, қарасам, Сәтбайдың бұрылы екен, жанымыздан қоянша секіріп өте берді. Енді ойланатын ештеңе қалмағандай, екі аяқпен қапталдай қамшыладым, жан алысып, жан беріскен уақыт өте шықты. Қарауылдан құйрықтасып өте шықтық. Нәтижесінде Жұман шалдың өзі, менің әкемнің тобы біздің орталық қазылар алқасына бара жатыр, ал аттан түскен менің жүре беруге әлім құрып, бір отырып, бір жатып домалай бастадым.

Әкем «жатпа, көкешім, тұрып жүр, бесінші келдің, бұл да үлкен бәйге. 28 атқа бәйге бар» дейді қуанышын баса алмай. Торы атты көздірген Жұман шал «жарайсың балам, айтқанымның бәрін орындадың. Соның арқасында бесінші келдің, бұл – үлкен жеңіс» деп беті-басымнан сипай берді. Мінбердегі Үкімет басшылары да бәйгенің сыйақысын беріп болғаннан кейін кетуге қам жасады. Әр басшы бәйгенің

қызығын айтып тамсанумен кетіп тарқасты. Ал Филипп Голощекин «қазақ деген халықты атқа мінгізуге болмайды екен, олар ат үстінде аруақтанып ешкімге әл бермейді, демек олардың астарындағы атын алу керек» дегендей көрінді. Міне, кейін «асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын» деген реформасы қазақ халқына үлкен соққы болып тиді.

Әлқисса, біздің аттың бәйгесі кілем жабылған үлкен бура мен 800-ден ақшалай сыйлық болды. Жұман шал «баланың еңбегі» деп менің өкеме 10 сом ақша берді. Мен сол ақшаға аяғымнан бастап киініп шықтым. Бәріміз жиналып, Сәтбайдың бұрылының қасына келіп, құтты болсынды айтып жатырмыз! Сол кезде Сәтбай бұрыл өгесіне «атын бірінші келді әрі көлінің өмірге бір атшабар үл екенді» деп сүйінші сұрады. Бұл күн 1927 жылдың күзі еді, үлкен шалдар «құттым болсын» деп бата беріп жатты. «Аттым бірінші келіп, атағы жер жарса, бұл немерең де атақты болсын, қатарының алды болсын, елге әйгілі ер болсын» деп бата берді. Аттың өгесі – Жұман. Міне, сол батаның киесі ме, кейін Ұзақ Еспанов Еңбек Ері атанып, ел басқарып, елгенше аттан түспеді. Қатар жүрген абыз қария атаңды. «Батамен ел көгерер» деген осы шығар, сірә.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
Аламесек ауылы

Қуанышымызды қара шаңырақта бөліссек...

Қазақ – көңілі қаншалықты кең болса, соншалықты әр нәрсенің қадірін білетін текті халық. Кезінде адамдық қасиетке кереғар, мұсылмандыққа жат әдеттердің жұрнағы пайда бола бастағанда-ақ Абай атамыз ел-жұртын адасудан алып шықпаққа тырысқан еді. Сол Абайдың өлең жолдарында кездесетін жат қылықтар, نادандықтың көріністерін оның алдындағы би-шешендер де айтып кеткен болатын. Кейінгі ұрпақтың көзсіздікке салынып, қанындағы тектіліктен айырылатынын да деп басып айтты. Әсіресе осы ұлы тұлғалар меңзеген қасиеттердің төресі ысырапшылдық пен құр даңғазалық екен. Осыны қазіргі қоғамның бір бөлігі дәлелдеп те жүр.

Ысырапшылдықты бұған дейін де талай мәрте тілге тиек еттік. Бұл тұрасындағы заманауи олқылықтарды тізбектемес бұрын, қолымызға қалам алдырған мына бір мәселені айта кетейік. Мәселен, қыз ұзату тойлары. Әрине біреудің үкілеген қызын ата-анасының разылығымен қолдан ұзатып алғанғыз артығы жоқ. Бірақ қара шаңырақтың киесін ұмытып бара жатқандаймыз. Қыз біткенді жын-ойнақтың ортасы мейрамханалардан ұзатып тұрып, құтты орнына қонуын тілейміз. Ақ жол тілейміз, барған жерінде бақытты болсын, бақытты қылсын дейміз тағы. Алайда «Ата-бабадан жеткен дәстүр ескіріп қалғаны ма?» деген сұрақ туады. Қызды оң жақтан, оңаша отырғызып, ел көзінен тасалап барып, өмірлік жарына дәл уақыты келгенде ғана жеңгелері тапсырушы еді. Қара шаңырақтан ұзатылған



қыз, құдды бір аманат секілді өз үйінің табалдырығын оң аяқпен аттамаушы ма еді?! Қызды қонақ деп қаңірлеп, қызым – өрісім, қызым – намысым дейтін текті халықтың бүгінгі жалғасы неге алақанындағы алпақ қусын мейрамханадан емес, өз шаңырағынан ұзатпайды?!

Қазіргі күннің ұзату тойы үйлену тойымен бірдей, сән-салтанаты келісіп тұр. Тіпті ұзатудағы ең басты көзге түрпідей тиер үрдіс – ұзатылатын қыздың қақ төрде күйеу жігіт, қыз жолдас пен жігіт жолдасың қатарласып отыруы. Бұл көрініс негізінен жігіт жақтағы тойға көбірек жарасар еді. Ал қазақ қызының күйеуге шыққанын «менмұңдалап» көрсетіп,

қақ төрде болашақ күйеуімен қатар отырып, әке-ағасының көзінше жөн-жоралғысымен құдалар жаққа тапсырылмайынша емін-еркін араласуы оғаш көрінетін секілді.

Заманауи ұзату тойындағы тағы бір өрескел қателік – қызды ұзататын жеңгелердің орнын ер адамның басқаны. Иә, өзіңіз де куә болып жүрген шығарсыз, қазір ер жігіттер де қыз ұзата береді. Кәдімгідей қаншама халықтың алдында ұзатылып бара жатқан қызға сыңсуын айтқызып, қолынан ұстап, күйеу баланың қолына тапсырғанша жеңгесі секілді ақ матаның бойымен жүріп өтеді. Қарап отырсаңыз, тектілігі қанында тулап тұратын халықтың бүгінгі болмысы, салт-дәстүрді

ұстануы бұрынғыдан өзгереді деуге болады. Тіпті қазақта қызды құтты ұясына ұзатарда абыройлы, елге еңбегі сіңген жеңгелері ұзататын. Қазір әлгідей ер кісілер, одан қалса әлі тұрмыс құрмаған бойжеткендер орындап жүр. Бұл дегеніңіз өзі әлі тұрмыстың жөн-жоралғысын білмейтін, біреудің оң жақтағы қызының өз құрбысына «құрғақ ақыл» айтқанымен бірдей. Өйткені қазақ әу бастан «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейді.

Тағы бір көзге түрпідей тиетін ұзату тойындағы жоралғыны айта кетейік. Той орта шеніне жақындағанда асаба ортаға қыздың ата-анасы мен күйеу жігітті және қызды алып

шығады. Мұнан соң «қол ұстату» дәстүрі жасалады. Бірақ ең басты қателік бұл дәстүрді қыздың өз әкесі орындайды. Қызға қырық үйден тыйым айтатын халықтың бүгінгі әкелері өз қызын жігітке өзі тапсырып жатады. Әсілінде қыз бен жігітті таныстыратын да, жарастыратын да, табыстыратын да, яғни ортадағы дөңкерші жеңгесі болушы еді бұрынғырақта. Бұл да бір салт-дәстүрдің бұрмалануына алып келетін қателік деп есептейміз.

Бойымыз үйреніп келе жатқан тағы мынадай қисынсыз дүние бар, қызды үйден шығарып саларда төселетін тазалықты, адалдықты білдіретін ақ мата «Ақ жол» үстіне кейінгі кездері раушан гүлінің гүлжапырақшаларын шашу пайда болды. Бұл бәзбіреулерге әсемдіктің бейнесі сияқтанып көрінетін шығар, десе де, осы жайында кезінде этнограф, зерттеуші ғалым Жағада Бабадықұлы: «...Қазақтың әрі-бері тарихында көкті жұлғанды кім көрді? Сол жұлып-жұлмаланған «тірі организмді» ұзатылып бара жатқан қыздың аяғының астына төсеу деген не сұмдық? Гүлді шашқанды қою керек. Қазақта «көктей солған» деген сөз тіркесі бар. Ырым жаман ғой» деп айтып кеткенін естіген едік. Осындай бірер салт-дәстүріміздің өзгеріске ұшырап, мән-маңызынан ауытқып баратқаны тайға таңба басқандай білінеді. Алты жыл аш болсақ та атамыздың салтын сақтау – парызымыз. Оның өзінде өз қалпында, бар болмысынан ажырамай сақталып, соны көзіңіз қарашығындай алып жүретін ұрпақ болса игі еді.

Ал әңгімемізде басында айтқан ысырапшылдыққа әлі күнге түбегейлі тосқауыл болмай тұр. Жақсылықты бөліссең, көбейетінін білеміз, бірақ көрпеге қарай кесілу керек екенін де ескерген жөн. Екі сағаттық тойға шашылып, кейін жылдар бойы титықтап күн көшіп кететінімізді неге ойламаймыз?! Қазақы мәңгілігіміз де, асыл дініміз де ысырапшылдықты құп көрмейді. Сондықтан ата дінінен бөзіп, ұлттық болмысымыздан ажырамаудың жолын іздейік. Қуаныш қара шаңырақта бөліске туссе, сол қырықтың бірі қыдыр болып шаңыраққа құт кірмей ме?!

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Колжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 530